

«2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартқа Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің арасында кедендік әкелім баждарының сомасын аударуға қатысты бөлікте өзгерістер енгізу туралы хаттаманы ратификациялау туралы» ҚР Заң жобасы бойынша ҚР Парламенті Мәжілісінің жалпы отырысына ҚРҰБ Төрағасы Т. Сүлейменовтің баяндамасы

Құрметті Ерлан Жақанұлы!

Құрметті депутаттар!

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі **«2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартқа Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің арасында кедендік әкелім баждарының сомасын аударуға қатысты бөлікте өзгерістер енгізу туралы хаттаманы ратификациялау туралы»** Қазақстан Республикасының Заң жобасын¹ (бұдан әрі – Заң жобасы, Хаттама) әзірледі.

2023 жылғы қарашада мемлекет басшылары Хаттамаға қол қойды.

Хаттамамен Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартқа Ресей Федерациясымен және Беларусь Республикасымен кедендік баждар бойынша есеп айырысуды **Ресей рублімен 2 жыл** мерзіміне аудару жөніндегі **уақытша тетікті айқындау** бөлігінде өзгерістер енгізілді.

Осы шешім Ресей Федерациясы мен Беларусь Республикасына қатысты енгізілген санкциялық шектеулерге

¹ Хаттаманы ратификациялау шеңберінде Қазақстан Республикасы Президентінің 2023 жылғы 15 ақпандағы № 129 хаттамаға қол қою туралы Жарлығына сәйкес.

байланысты АҚШ долларымен есеп айырысудың мүмкін болмау себебінен **қабылданды**.

Бұл ретте кеден баждарының сомаларын елдердің бюджеттеріне **бөлу және есепке алу тетігі өзгерген жоқ**.

Қабылданған тетік Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттер **бюджеттерінің кірістеріне** кедендік баждарды есепке алудың **тұрақтылығын қамтамасыз** етуге мүмкіндік берді.

Жоғарыда айтылғанның негізінде қаралып отырған Қазақстан Республикасының Заң жобасын **мақұлдауды** сұраймыз.

Назарларыңызға рақмет!